

Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына 2010 жылда әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы

Қостанай облысы Жітіқара ауданы мәслихатының 2010 жылғы 12 шілдедегі № 259 шешімі. Қостанай облысы Жітіқара ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 4 тамызда № 9-10-146 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабы 1 тармағы 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдесіндегі "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 7 бабы 3 тармағының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы № 183 қаулысымен бекітілген ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну Ережесінің 2 тармағына сәйкес, Жітіқара аудандық мәслихаты

ШЕШТІ:

1. Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына 2010 жылда көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алу үшін бюджеттік кредит түрінде әлеуметтік қолдау шаралары ұсынылсын.

2. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

К е з е к т е н т ы с
с е с с и я с ы н ы ң т ө р а й ы м ы ,
Ж і т і қ а р а а у д а н д ы қ

мәслихатының хатшысы

Г. Алпысбаева

КЕЛІСІЛГЕН:

"Жітіқара ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесі бастығының орынбасары

Ж. Байжанова

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК